# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11 - 10.11.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Үстел үсті ойыны. «Ойықтың ішіне заттарды орналастыру».** Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты көрсет."** Мақсат-міндеттері. Доптардың көлемі мен түсін анықтау. **(танымдық дағдылар)** | **Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады. **(құрастыру)** | **«Жұбын тап».** Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны. Пазл. «Қайсы отбасы мүшесі?»** Мақсат-міндеттер. Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6. Бастапқы қалыпқа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Аспанда күн ыстық.<br>Жерде бізге кім ыстық?<br>Әке мен шешеміз<br>Бәрінен тым ыстық!<br>Жасасын туыстық,<br>Достық пен тыныштық.<br>Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Сәлем! Сәлем! Сәлем!<br>Қалың қалай?<br>Сәлем! Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.<br>(Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды).<br>Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | «Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды.<br>Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі** Педгогтің жоспары бойынша **2.Денешынықтыру** Педгогтің жоспары бойынша **3.Математика негіздері Тақырыбы:** Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар **МАҚСАТЫ** Балаларға заттар шамасына қарай әртүрлі болатыны жайлы түсінік беру, заттарды ұзындығы бойынша салыстыруға үйрету. **МІНДЕТТЕР** Балаларды заттар ды ұзындығы бой ынша бір-бірінің үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, салыст ыру нәтижелерін «ұзын», «қысқа» сын есімдермен белгілей білуге дағдыландыру; за ттардың өзіне қатысты | **1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті «ж», «ш» дыбыстары МАҚСАТЫ** Балаларға оқиғаларды тақпақ шумақтарымен сипаттау кезінде сөздің ұйқасы мен ырғақтылық тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктер беру; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының естілу ерекшеліктерімен таныстыру; көлік түрлері туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, жол ережелерін пысықтау; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының артикуляциясын жаттықтыру, осы дыбыстарды құлақпен есту және жекеше түрде, буын не сөз құрамында, қарапайым мәтінде айту біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру; есту зейінін, еске сақтау, елестету, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. | **1.Сурет салу Тақырыбы: Жүк машинасы мақсаты** Балаларға қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салу, ішін бояу техникасын үйрету; көліктің бөліктерін тұтас жүк машинасының бейнесіне біріктіру амалдарын көрсету; жүк машинасының адамның өмірінде алатын орны туралы түсіндіру; сурет салуда бөлшектерден құрылған бейненің үйлесімдігін сақтау іскерлігін, көз мөлшерін, елестету қабілетін дамыту; тиянақтылыққа, мақсатшылдыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балаларға «адамды тасымалдайды», «жүкті тасымалдайды», «қырман» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. **Әдіс-тәсілдер** Бейнежазбаны көрсету, логикалық жаттығу, салыстыру, көркем сөз, үлгіні зерттеу, үстел басында тәжірибелік зерттеу жаттығуы, сурет салу амалдарын көрсету, | **1.Қошаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Бақшадағы мол өнім МАҚСАТЫ** Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзгі бақшадағы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру. **МІНДЕТТЕР** Балалардың күзде пісетін көкөністер мен жемістер туралы, оларды өсіру, күтім жасау туралы білімдерін кеңейту; көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; жомарт күз туралы түсінік беру. Сөздік қорды молайту, сөйлеу тілін жетілдіру; есте сақтауы мен ойлау қабілетін, зейіні мен тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Суретті бояған кезде қарындашты дұрыс ұстауды үйрету, шығармашылыққа баулу. Балалардың күз маусымындағы тіршіліктің ерекшеліктеріне қызығушыл ықтарын ояту; өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **СӨЗДІК ЖҰМЫС** | **1.Музыка** Педгогтің жоспары бойынша **2.Көркем әдебиет Тақырыбы:** «Атай» **Мақсаты:** Балаларды «Атай» өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың сөздерін есте сақтап, өзінің шығармашылық қабілетін пайдаланып шағын әңгіме құрастыруға талпындыру; тақпақтағы атай туралы айтылған көркем сөздерге мән бере отырып, үлкенді сыйлау, тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы білімдерін кеңейту. Тақпақтағы сөздер арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Тақпақты мұқият тыңдауға балалардың қызығушылығын ояту; отбасын құрметтеуге, отбасы мүшелерін сыйлауға, мейірімділік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** «Атай», «жетпейді оның жасына», «тозған кітап түптейді», «бірде бағбан, бірде ұста», «атай көңілі жатыр кең» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналасуын сөздермен атап, кеңістік бағыттары туралы түсініктерін тиян актау; жол жүру ережелерін пысықтау.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, зейін, еске сақтау, ой-<br>өрісін, жазықтықт ы бағдарлау қабілеттерін, ой-өрісін, түстерді ажыратуын дамы ту; заттардың қасиеттерін байқауды қалыпт астыру.<br><br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br><br>Жаттығуды орындағанда: «жо л ережесі», «ең ұзын жолақ», «қысқалау», «ұзындау», «ең қысқа жолақ», «артында», «алдында», «оң жаққа», «сол жаққа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. | Сөздердің дыбысталуына қызығушылықты арттыру, жол ережелеріне қатысты тәртіпке, әдептілікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балалардың сөздік қорына: жүргізуші, жүргінші, жол ережелері, дауыссыз дыбыстар, бағдаршам, жүгірме, шулама, жағаласпа, жүр, тұр, тоқта сөздерін қосу.<br><br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, жұмбақ жасыру, логикалық жаттығу, суреттер сериясы бойынша тақпақты мәнерлеп оқу, зияткерлік картамен тақпақтар бойынша өздік әңгіме құрастыру, фонетикалық ритмика, сергіту сәті, артикуляциялық жаттығу, тақпақтар мазмұны бойынша сөздік жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Көшедегі көліктердің жүрісі мен дыбыстық | сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, ойын рефлексиясы.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>bilimkids.kz сайындағы «Жүргізуші» мультфиль мі. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Жүк машинасы мен жеңіл машинаның суреттері. Жүк машинасының бидайды қырманға төгіп жатқаны туралы сурет. Акварель бояуы, қылқалам, ыдысқа құйылған су, төсеніш, тіреуше, сүлгі. Қылқаламмен салынып, іші боялған жүк машинасының көрнекілік суреті (кабинасы қызғылт сары шаршы, шанағы жасыл тіктөртбұрыш, дөңгелектері қоңыр). Кабинасы тіктөртбұрышты, шанағы шаршы пішінді, дөңгелектер шаршы пішінді - машинаның қате суреті. Жүк машинасын салу кезеңдерін білдіретін үлгі суреттер. Бағдаршамның суреті. | Белсенді сөздік қорға: жомарт күз, бақшадағы мол өнім, табиғат құбылыстары, алма, алмұрт, өрік, қызанақ, қияр, бұрыш, қарбыз, қауын, асқабақ сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан жомарт күз суреттерін көрсету, пысықтау, аудиожазба, дидактикалық ойын.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, көкөністер мен жемістердің нақпішіндері, сары жапырақтар, күздің суреті; күз тақырыбы бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; жемістердің бетін жабуға арналған шүберек, жеміс-жидектер, көкөністердің суреттері.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Жеміс-жидектер, көкөністердің суреттері.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: саңырауқұлақ әлемінесаяхат**<br>**мақсаты**<br>Балаларға дәнді-дақылдарды пайдаланып, саңырауқұлақты құрастыруды үйрету; | жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**Психогимнастика, мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан отбасы және ата туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, «Отбасы әлемі» композициялық суреті; тақпақ бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; отбасы мүшелері бейнеленген картотекалар; бәйтерек картотекалар, отбасы бейнеленген төсбелгілер.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Бәйтерек картотекалар, отбасы бейнеленген төсбелгілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br><br>Аудиожазбаны тыңдау, дамытушы жаттығу, көркемсөз, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, панно алдында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Бірнеше көліктің дыбыстық белгілерінің ауди ожазбасы.<br>Дамытушы жаттығу.<br>Дамытушы жаттығу үшін түсі сұр тіктөртбұрыш және сары, қызыл, жасыл | белгілерінің аудиожазбасы.<br>Барлық көлік түрлерінің көшеде жүргені туралы сурет.<br>Құрлық көлігі түрлерінің суреті.<br>Жол жүру ережелеріне арналған суреттер:<br>бағдаршам;<br>бағдаршамның «Тоқта!» белгісі;<br>жаяу жүргіншінің өтпесі алдында жүргінші тұр, сол жағында автобус тоқтап тұр;<br>автобус салонындағы жүргіншілердің, жолаушылардың отырғаны және тұрғаны, ұстағыштардан ұстағаны;<br>автобустан түсіп жатқан жолаушылар.<br>Көрнекіліктерге тақталар (интербелсенді), көрсеткіш.<br>Жол ережелері бойынша зияткерлік карта үлгісі.<br>Зияткерлік картаға көмекші сызбалар:<br>жасыл дөңгелек - жүріп бара жатқан адам;<br>қызыл дөңгелек - тоқтап тұрған адам;<br>автобус терезесіне | Бағдаршамның үш түсі салынған суреттері. Ырғақты аудиожазбалар.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТ ЕРИАЛДАР**<br>Қағаз беттері, акварель бояулары, қылқаламдар, тіреушелер, су қуылған ыдыстар, төсеніштер, сүлгілер. Балалардың санына сай шаршы, тіктөртбұрыш, дөңгелек жинағы.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбіртегін, құрмадан саңырауқұлақ орналасқан шөпті жапсыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; миға шабуыл әдісі бойынша саңырауқұлақтардың белгілерін табу, ойлау қабілеттерін жетілдіру; «шыбынжұт» саңырауқұлағы туралы білімдерін толықтыру; саяхатқа шығуға ынталандыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «дәнді дақылдар», «жасымық», «қарақұмық», «құрма», «саңырауқұлақ», «қалпақша», «түбіртек», «саңырауқұлақтар әлемі», «күз мезгілі» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, миға шабуыл, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, балалардың жұмысын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсті дөңгелектердің пішіндері.<br>Көрнекіліктерге панно, интербелсенді тақта.<br>Көрсеткіш немесе сызбалы суреттер сериясы.<br>1. Бағдаршамның сұр тіктөртбұрышты сызбасы.<br>2. Қызыл шамы жанған бағдаршамның сызбасы.<br>3. Қызыл мен сары шамдары жанған бағдаршамның сызбасы.<br>4. Бағдаршамның толық сызбасы.<br>Үш түсті шамдары кезекпен жанған бағдаршам туралы бейнеролик.<br>Ені бірдей, ұзындығы үш түрлі, түстері бөлек жолақтардың суреті: ең ұзыны – | айқасқан екі сызық - терезеден сыртқа басты шығармау белгісі;<br>сұқ саусақты ерінге тақау;<br>автобус салонындағы ұстағышты қолмен ұстау;<br>сөмкені қолмен құшақтау;<br>автобустың дөңгелегі ала жолаққа жетпей тоқтап тұр,<br>алдында қызыл жанып тұр;<br>ала жолақта доптың үсті екі айқасқан сызықпен сызылған;<br>ырғақты әуенжазба;<br>[ж], [ш] дауыссыз дыбыстары артикуляциясының сызбалы суреттері.<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | | бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Күз мезгілі белгілерінің суреті, саңырауқұлақтың суреті, саңырауқұлақ әлемінің суреті, «Шыбынжұттың» дайын үлгісі, қағаз бетінде саңырауқұлақтың суреті салынған қағаз, жасымық, қарақұмық, құрма, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Бала санына байланысты қағаз бетінде саңырауқұлақтың суреті салынған қағаз, жасымық, қарақұмық, құрма, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызыл, қысқарағы – сары, ең қысқасы – көк.<br>Көңілді ырғақты әуенжазба.<br>Ұзындығы үш түрлі көрнекілік және үлестірмелі жолақтардың екі түрлі сызбалар сериялары.<br>Төменгі және жоғарғы жолақтарда сол және оң жаққа жүріп жатқан түрлі түсті машиналар салынған сызбалы сурет.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға ұзындығы үш түрлі, түстері бөлек жолақтардың жинақтамалары; ең ұзыны – жасыл, қысқарағы – қызыл, ең қысқасы – сары. | | | | |
| **Серуенге** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес** | | | | |

| дайындық | әрекет) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **№52**<br>**Көліктерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** аланды тастардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. тастарды арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Кейін тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады. | **№53**<br>**Автобустарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу).<br>Жұмбақ.<br>Жүргіздім бұл үйімді,<br>Жүйткісе, жұрт сүйінді.<br>Бар жолмен жұртты тасып жүр<br>Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)<br>**Қимылды ойын. «Бос орын».**<br>Мақсат-міндеттері. Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босаған орынға жылдам отыруды үйрету. | **№54**<br>**Жеңіл көлікті бақылау. әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету.<br>Жұмбақтар.<br>Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус)<br>Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай)<br>**Қимылды ойын. «Такси».**<br>Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге | **№55**<br>**Жүк автокөлігін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине)<br>Жұмбақ.<br>Резеңке аяқты жануармын,<br>Барлық жолдарды кезіп өтемін,<br>Құрылыста іске жараймын,<br>Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине)<br>**Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге | **№56**<br>**Ересек балаларды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Балдырған баламыз,<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да.<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**Қимылды ойын. «Ақ аюлар».** Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | **"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алдыға қарай секіруді үйренеді. **Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».** Қарды жиып, күрекпен нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тыңдауды үйрету, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. **Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу. **Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна».** Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау. | (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету. **"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. **Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуді үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. **Өз бетімен ойындар:** әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауды үйрету. | Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар:** ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тып-тыныш отырамыз! | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Екі дос» ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. | Баяу әуен қосып, балаларды ұйықтату. | «Әке мен бала» ертегісін қосып, балаларды ұйықтату. | Баяу әуен қосып, балаларды ұйықтату. | «Етікші» ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Тырна мен түлкі» | ***Желі рөлді ойын* «Сұлулық салоны»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«тоқ көзімен ойнама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ғани Алиасқарға өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын үйрету. | Бекболат Санжарға 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарғын қалыптастыру. | Ғалым Ақмедияр бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттей білуге үйрету. | Талғат Адинаға қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады үйрету | Дархан Адина ғашығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтай білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін түймелеп, аяқ киімнің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №52 | №53 | №54 | №55 | №56 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. | Психолог кеңесі.<br>Мысалы: «Көпшілік орындарда әдепті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | «Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | «Балаларға арналған үй жиһазы» атты сұрақ-жауап. |

Тексерген ________________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алманы тапқан қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; | **Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. | **"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның барысы: | **"Қажетті киімді алыңыз".** Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. | **"Зымыранды жинайық".** Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br><br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жабайы табиғат туралы пысықтау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Зообақ туралы жұмбақ жасырмақ».**<br>**Жаттығулар**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Алманы тап қочн**<br>**мақсаты**<br>Балаларға күзгі алма ағашының қасындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; | **1.Қошаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Асқабақ тиелген трнактор**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың ұғымында трактор көлігі туралы түсініктер қалыптастыру; | **1.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Кішкентай бағбан**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды «Кішкентай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:**<br>Қояндар отбасы қысқа дайындалады<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың бес саны, бес көлемінде санау, жиын сандарын салыстыру қабілеттерін жетілдіру.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балалардың саны бес затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру біліктерін; екі қатарда орналасқан заттар тобын, әртүрлі жиын сандарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтап, жиындарды санға сәйкестеу білігін жетілдіру; заттардың ұзындығына қатысты қасиетін пысықтау; қояндардың тіршілігі туралы жаңа мағлұмат беру.<br>Зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын, жабайы аңдардың тіршілігіне қызығушылықтарын дамыту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа, табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуды орындағанда | таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығы жөнінде түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту; сөздердің затты, оның сын-сипатын, оның іс-қимылын білдіретіні туралы ұғымдар қалыптастыру; орман тұрғындары жабайы аңдардың зообақта мекендеуінің себебін түсіндіру, әрқайсына тән тіршілік ету ерекшеліктерін тиянақтау.<br>Балаларды жұмбақ жасыру әдістерімен таныстыру; лимерик техникасы бойынша бес жолдан тұратын жұмбақтың құрылысын игеруге мүмкіндік беру; «Бұл не?», «Ол қандай?», «Ол не істеді?», «Ол немен байланысты?», «Қандай ақыл айтамыз?» сияқты сұрақтарға жауап беріп, жасырынған заттың не құбылыстың өзін атамау білігін қалыптастыру; қалыптасқан құрылымға сай, затқа не құбылысқа сипаттама болатын, өз ойын жай сөйлем арқылы жеткізуге | «Алма» қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына өз қалаулары бойынша алманы, не сәбізді, не өзге қорекке жарамды затты салуға дағдыландыру; қоңыр күз мезгіліндегі құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түйсігін дамыту; қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықты арттыру; жұмысты ынталанып орындауға тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «қоректенеді», «тонын ауыстырады», «ең үлкен», «ең кішкентай» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны көрсету, кіріспе әңгімелесу, мнемокарточкалар бойынша сөйлем құрастыру жаттығуы, үлгіні зерттеу, зерттеу жаттығуы, сурет салу амалдарын көрсету, | ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, негізгі бөліктерін атауға жаттықтыру; ауыл шаруашылығында тракторшы жүргізетін трактордың жұмыс түрлерімен таныстыру; көлік құралдары түрлерінің ажыратып атау дағдыларын жетілдіру.<br>Балалардың сөздік қорын трактордың ерекшеліктері арқылы молайту және тілін жетілдіру; көліктерді ажырату, атауды үйрету; есте сақтауы мен ойлау қабілетін, зейінін дамыту; ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Достыққа, еңбексүйгіштікке, өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Белсенді сөздік қорға: көлік, асқабақ тиелген трактор, кабина, шанақ, дөңгелек, руль, тасымалдайды сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан трактордың суретін көрсету, пысықтау, | бағбан» әңгімесімен таныстыру, әңгімеде кездесетін көркемсөздің мағынасын түсіндіру; Садық пен Халелдің негізгі әрекеттері мен қасиеттерін сипаттап айтуды үйрету; әңгіменің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру; жомарт күз туралы түсінік беру.<br>Әңгімедегі көркемсөз арқылы балалардың тілі мен еске сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту.<br>Балалардың әңгімеге қызығушылықтарын ояту; өзара мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>«Жомарт күз», «бағбан», «Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді», «Жер-Ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Кіріспе әңгімелесу, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан суретті көрсету, |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>балаларға: «қоянның қорегі», «ең ұзын жолақ», «барлығына жеткен жоқ», «бір, екі, үш, төрт,<br>бес», «барлығы бес болады», «ең ұзын», «ұзындау», «ең қысқа», «саны қанша, сонша болады» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, жұмбақ жасыру, сурет бойынша әңгімелесу, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында дамытушы жаттығу, бөлме ішінде дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>1. Көрнекілік материалдар.<br>Жылдам ырғақты әуенжазба.<br>Орман ортасында, кез келген жерде, бұталардың түбінде жасырынған қояндардың суреті.<br>Екі жолақты математикалық панно.<br>Суретті карточкалар: көжектер мен сәбіздер (бестен).</td>
<td>жаттықтыру; пантомималық қабілетте рін жетілдіру; заттарды ортақ сипатқа сәйкес бір жалпылауыш сөзбен атау дағдыларын жетілдіру; еске сақтау, құлақпен есту, көзбен қабылдау, ойлау, елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарына және оның өкілдеріне қызығушылықтарын арттыру; зеректікке, тиянақтылыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: аю, қоян, түлкі, қасқыр, зоопарк сөздерін бекіту. Тақырып бойынша заттардың не құбылыстардың атауын, сын-сипатын, іс-қимылын білдіретін зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарынан мысалдар келтіріп айтқызып, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, таңғажайып сәт, көркемсөз, суретті көрсету, слайдтар бойынша сөздік жаттығу, ассоциациялар</td>
<td>пантомима жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>Құрал-жабдықтар<br>1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР<br>Ғажайыптар әлемін білдіретін әуенжазбасы. Алманы кемірген дыбыстардың жазбасы. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Қазақ халқының<br>«Алма» ертегісіндегі қоянның алманы тауып алғаны туралы эпизодтың суреті. Қоянның тіршілігі туралы мнемокарточкалар тізбектері:<br>- қоян түлкіден қашып жүреді;<br>- қоян қасқырдан қорқады, қашады;<br>- қоян бұтаны кеміреді;<br>- қоян орамжапырақты кеміреді;<br>- қоян сәбізді кеміреді;<br>- қоян алманы кеміреді. Түрлі-түсті қарындаштар немесе борлардың қорабы. Қағаздың бір жағында сұр қарындашпен салынған қоянның бейнесі жатыр, қағаздың екінші жағы</td>
<td>аудиожазба, дидактикалық ойын.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>1. Көрнекілік материалдар.<br>Интербелсенді тақта, асқабақтың суреті, көліктерге толы көшенің дыбысы<br>жазылған аудиожазба; асқабақ тиелген трактордың суреті, трактордың суреті: кабинасы мен шанағы қызыл түсті, дөңгелектері қара, ортасы қызыл.<br>2. Үлестірмелі материалдар.<br>Трактор бейнеленген таңбалауыштар.<br>2.Құрастыру<br>Тақырыбы:Ханзада бақа<br>мақсаты<br>Балаларға ағайынды Гриммнің «Бақа ханзада» ертегісіндегі бақаны қағаздан құрастыруды үйрету; ертегі желісін еске түсіру арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; бақа туралы білімдерін толықтырып, бақаның дыбыстауын естумен қатар өздеріне де солай дыбыстауды үйрету; қағаз бен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; өздерінің жұмыстарын бағалап, өзгенің жұмысына баға беруге үйрету; сөздік қорларын</td>
<td>әңгімені мәнерлеп оқу, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>1. Көрнекілік материалдар.<br>Интербелсенді тақта, күзгі табиғаттың суреті; табиғи жеміс-жидек салынған себет, әңгіме мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; жеміс-жидек бейнеленген таңбалауыштар.<br>2. Үлестірмелі материалдар.<br>Жеміс-жидек бейнеленген таңбалауыштар.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірден бескe дейінгі сандардың жинақтары.<br>«Қоян» атты әуенжазба.<br>Көрсеткіш.<br>Көжектер мен сәбіздердің топтамаларын жиын сандары бойынша салыстыру барысының сызбалы суреттері.<br>Үш қоянға ұзындығы үш түрлі жолақты сәйкес салудың сызбалы суреті.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға көлденең екі жолақты карточка; соңғы оң жақтағы шақпақтар жіңішке жолақпен қоршалған.<br>Ыдыстарда саны бес көжек пен төрт сәбіздің кескіндері.<br>Педагогтің үстелінде балалардың санына сәйкес сәбіздің кескіндері.<br>Жеке ыдыстарда 1, 2, 3, 4, 5 сандары.<br>Әр балаға дамытушы жаттығуға арналған сурет сызбасы: қағаз бетінің сол жағында, | сөздік жаттығуы, жұмбақтар ойын тернингі, лимерик техникасы бойынша жұмбақ жасыру жаттығуы, пантомима жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Дана қуыршақ.<br>Көрнекіліктерге тақталар (интербелсенді), көрсеткіш.<br>Зообақта тұрған жануарлар туралы сурет.<br>Ыдыс-аяқ, ойыншық, киім, жеміс, көкөніс, жабайы аң және көліктер сияқты топтамалардың көрнекілік суреттері.<br>Қимыл-қозғалысты білдіретін сөздер бойынша сызбалы суреттер тізбегі: шығады, отырады, ұшады, жатады, ұйықтайды, секіреді, салады, бояйды, көреді, тыңдайды, жейді, салады, қашады, еңбектейді, іледі, кеседі, пісіреді, жинайды, тереді, жүзеді.<br>Орташа ырғақты әуенжазба.<br>Мнемокарточкалар: мысық, жаңбыр, аю, қоян, торғай. | бос. Дөңгелектер мен сопақшалар арқылы құрылған қоянның сызбалы суреттері:<br>- қоян жатыр;<br>- қоян екі артқы аяқтарына көтіріліп тұр;<br>- қоян жүгіріп келеді.<br>Сурет салу үлгілері:<br>- қоянның сұлбасы;<br>- қоянның боялған бейнесі;<br>- қоянның қасында алма;<br>- қоянның қасында сәбіз;<br>- қоянның қасында жапырақ.<br>Ырғақты әуенжазбасы.<br>Балалардың көрсеткен қалыптарының суреттері:<br>- бала тік тұр, қолдары жоғары созылған;<br>- бала қолдарын үстелдің үстіне бүгіп қойған;<br>- бала қолдарын алға созып тұр.<br>Бірнеше ертегінің сюжеттерінен алынған кейіпкерлердің тізбегі: қоян, кірпі, аю, түлкі, қасқыр, қарға, торғай, тиін. «Алма» ертегісінің кейіпкерлері: қоян, кірпі, аю, қарға.<br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕ РИАЛДАР**<br>Балалардың санына сай келетін әртүрлі қоянның дене құрылысын құрайтын дөңгелектер | молайту.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «бақа ханзада», «бақа», «цилиндр», «оң жақ», «сол жақ», «бұрдым», сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, көрме ұйымдастыру, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Бақаның суреті, «Бақа ханзада» ертегісінің желісі бойынша суреттер, «Бақа ханзаданың» дайын үлгісі, жасыл түсті шаршы, бақаның басы мен аяқтары, қолдарының қиылған үлгілері, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, тәждің қиылған үлгісі, қара және қызыл түсті фломастерлер.<br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИА ЛДАР**<br>Бала санына байланысты жасыл түсті шаршы, бақаның басы мен аяқтары, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірінен-бірі төмен тұрған үш қоянның суреті.<br>Сурет-сызбаға қосымша – ұзындығы әртүрлі, түстері бөлек үш жолақтың жинақтары.<br>Әртүрлі ыдыстарда сәбіз, орамжапырақ, алма мен алмұрттардың жинақтамалары (қағаздан жасалған кескіндер немесе ұсақ нақпішіндер). | Лимерик техникасы бойынша тақпақты (жұмбақты) шығару кестесінің үлгісі.<br>1. Сұрақ белгісі. Бұл кім болады? Бұл не болады?<br>2. Кемпірқосақ. Алақандардың өзара белгілі қашықтықта болуы. Өңтаңба (смайлик) белгісі. Ол қандай?<br>3. Жүгірген адамның сызбалы белгісі. Жатқан күшіктің сызбалы белгісі. Бұлттан жаңбырдың жауғанының сызбалы белгісі: «Ол не істеген?»<br>4. Екі қарсы сызылған көрсеткілердің сызбасы. Ол немен, кіммен, қалай араласқан?<br>5. Сұқ саусақтың жоғары көрсетілуі. Бұдан қандай ақыл аламыз?<br>Жабайы аңдардың суреттері.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Ыдыс-аяқ, ойыншық, киім, жеміс, көкөніс, жабайы аң және көліктерге қатысты үлестірмелі жеке сурет-карточкалар.<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | мен сопақшалар. Түрлі-түсті қарындаштар немесе борлар.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | қолдарының қиылған үлгілері, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, тәждің қиылған үлгісі, қара және қызыл түсті фломастерлер, жұлдызшалар.<br>**Оқу қызметінің барысы**<br>**Жабыстыру**<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес** | | | | |

| | әрекет) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **№57**<br>**Алғашқы түскен қарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге.<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар.)<br>**Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, | **№58**<br>**Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>**Экологиялық міндет:** өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту.<br>**Көркемсөз.**<br>М. Әлімбаев «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегін үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем.<br>**Табиғат құбылыстарын болжау.**<br>Ыстық жел соқса, жаңбыр жауады.<br>Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық | **№59**<br>**Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету.<br>**Экологиялық міндет:** жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру. Балалардың | **№60**<br>**Бұлттарды бақылау. (жаңбыр қалай пайда болады).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрену.<br>**Экологиялық міндет:** таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Сұрақтар:<br>- Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады?<br>Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейтінімізді | **№61**<br>**Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>**Экологиялық міндет:** судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.<br>**Еңбек:** «Бөлме өсімдіктерін күту».<br>Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу:<br>**Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын.<br>Мақсат-міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру. | болады.<br>Тәжірибе: топырақ салынған бар-екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Қорытынды: топырақты қопсыту керек.<br>**Экологиялық ойын. "Өсіру".**<br>Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу.<br>**"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Еңбек:** гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру. | айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін мақтау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл-гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Жұмбақ**<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды.<br>(Бұлт.)<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(**Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын | айтыңыз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады.<br>**Көркемсөз (сөйлеуді дамыту)**<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. | Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту. | **Еңбек:** аланды тазарту ұжымдық еңбегі.<br>Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | «Ерекше тауық» ертегісін тыңдайды.<br>BilimKids платформасындағы ертегісін тыңдату.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру.<br>**(қарым-қатынас іс-** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>**(музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әрекеті)** | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ақырын сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>**Көркемсөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денене көп жина күш. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Қолғап» ертегісі | **Желі рөлді ойын «Сұлулық салоны»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«тоқ көзімен ойнама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мухтархан Айшаға сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтуды үйрету. | Лесбек Әбдіғаниға кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтауды үйрету. | Нурханулы Қуандыққа бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстыруды үйрету. | Қанат Мариямға айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруді үйрету. | Роберт Эльвираға<br><br>еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №57 | №58 | №59 | №60 | №61 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br>Театрды сахналау. «Ақымақ қасқыр» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жабайы аңдар түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Арт-терапия өткізу. **(сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | «Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру. | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | "Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны". |

Тексерген ________________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: **Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алманы тапқан қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; | **Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. | **"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның барысы: | **"Қажетті киімді алыңыз".** Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. | **"Зымыранды жинайық".** Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)*** 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br><br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жабайы табиғат туралы пысықтау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Зообақ туралы жұмбақ жасырмақ».**<br>**Жаттығулар** | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Алманы тап қочн**<br>**мақсаты**<br>Балаларға күзгі алма | **1.Қошаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Асқабақ тиелген трнактор**<br>**МАҚСАТЫ** | **1.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Кішкентай** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Түрлі пішіндерге толы ғажайып көліктер**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың ұғымындағы геометриялық фигуралар (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Геометриялық фигураларды (пішіндерді) (дөңгелекті, үшбұрышты, төртбұрышты) танып , дұрыс атауды, оларды түстеріне қарамай салыстыруды үйрету , геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге машықтандыру; қор шаған ортадағы заттардың құрамында геометриялық пішіндерді байқауға жаттықтыру; геомет риялық фигураларды (пішін) санау, қорытынды санды атау, «барлығы | **МАҚСАТЫ**<br>Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығы жөнінде түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту; сөздердің затты, оның сын-сипатын, оның іс-қимылын білдіретіні туралы ұғымдар қалыптастыру; орман тұрғындары жабайы аңдардың зообақта мекендеуінің себебін түсіндіру, әрқайсына тән тіршілік ету ерекшеліктерін тиянақтау.<br>Балаларды жұмбақ жасыру әдістерімен таныстыру; лимерик техникасы бойынша бес жолдан тұратын жұмбақтың құрылысын игеруге мүмкіндік беру; «Бұл не?», «Ол қандай?», «Ол не істеді?», «Ол немен байланысты?», «Қандай ақыл айтамыз?» сияқты сұрақтарға жауап беріп, жасырынған заттың не құбылыстың өзін атамау білігін қалыптастыру; қалыптасқан құрылымға сай, затқа не құбылысқа | ағашының қасындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; «Алма» қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына өз қалаулары бойынша алманы, не сәбізді, не өзге қоректе жарамды затты салуға дағдыландыру; қоңыр күз мезгіліндегі құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түйсігін дамыту; қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықты арттыру; жұмысты ынталанып орындауға тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «қоректенеді», «тонын ауыстырады», «ең үлкен», «ең кішкентай» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны көрсету, кіріспе әңгімелесу, мнемокарточкалар бойынша сөйлем құрастыру жаттығуы, | Балалардың ұғымында трактор көлігі туралы түсініктер қалыптастыру; ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, негізгі бөліктерін атауға жаттықтыру; ауыл шаруашылығында тракторшы жүргізетін трактордың жұмыс түрлерімен таныстыру; көлік құралдары түрлерінің ажыратып атау дағдыларын жетілдіру.<br>Балалардың сөздік қорын трактордың ерекшеліктері арқылы молайту және тілін жетілдіру; көліктерді ажырату, атауды үйрету; есте сақтауы мен ойлау қабілетін, зейінін дамыту; ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Достыққа, еңбексүйгіштікке, өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Белсенді сөздік қорға: көлік, асқабақ тиелген трактор, кабина, шанақ, дөңгелек, руль, тасымалдайды сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, | **бағбан**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды «Кішкентай бағбан» әңгімесімен таныстыру, әңгімеде кездесетін көркемсөздің мағынасын түсіндіру; Садық пен Халелдің негізгі әрекеттері мен қасиеттерін сипаттап айтуды үйрету; әңгіменің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру; жомарт күз туралы түсінік беру.<br>Әңгімедегі көркемсөз арқылы балалардың тілі мен еске сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту.<br>Балалардың әңгімеге қызығушылықтарын ояту; өзара мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>«Жомарт күз», «бағбан», «Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді», «Жер-Ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Кіріспе әңгімелесу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қанша?» сұрағына жауап беру дағдыларын дамыту.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, елестету, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балалардың қоршаған объектілердің қасиеттерін байқау дағдыларын дамыту, бір-бірімен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуды орындағанда: «шаршы», «дөңгелек», «үшбұрыш», «бұрыштары бар – домаламайды», «бұрыштары жоқ – домалайды», «пішіндерді бір-бірінің тұсына қоямын (бір-біріне беттестіремін)» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазба тыңдау, ғажайып сәт, суретті көрсету, дамытушы | сипаттама болатын, өз ойын жай сөйлем арқылы жеткізуге жаттықтыру; пантомималық қабілеттерін жетілдіру; заттарды ортақ сипатқа сәйкес бір жалпылауыш сөзбен атау дағдыларын жетілдіру; еске сақтау, құлақпен есту, көзбен қабылдау, ойлау, елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарына және оның өкілдеріне қызығушылықтарын арттыру; зеректікке, тиянақтылыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балалардың сөздік қорына: аю, қоян, түлкі, қасқыр, зоопарк сөздерін бекіту. Тақырып бойынша заттардың не құбылыстардың атауын, сын-сипатын, іс-қимылын білдіретін зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарынан мысалдар келтіріп айтқызып, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, таңғажайып сәт, көркемсөз, суретті | үлгіні зерттеу, зерттеу жаттығуы, сурет салу амалдарын көрсету, пантомима жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Ғажайыптар әлемін білдіретін әуенжазбасы. Алманы кемірген дыбыстардың жазбасы. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Қазақ халқының «Алма» ертегісіндегі қоянның алманы тауып алғаны туралы эпизодтың суреті. Қоянның тіршілігі туралы мнемокарточкалар тізбектері:<br>- қоян түлкіден қашып жүреді;<br>- қоян қасқырдан қорқады, қашады;<br>- қоян бұтаны кемíреді;<br>- қоян орамжапырақты кеміреді;<br>- қоян сәбізді кеміреді;<br>- қоян алманы кеміреді.<br>Түрлі-түсті қарындаштар немесе борлардың қорабы. Қағаздың бір жағында сұр | интербелсенді тақтадан трактордың суретін көрсету, пысықтау, аудиожазба, дидактикалық ойын.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, асқабақтың суреті, көліктерге толы көшенің дыбысы жазылған аудиожазба; асқабақ тиелген трактордың суреті, трактордың суреті: кабинасы мен шанағы қызыл түсті, дөңгелектері қара, ортасы қызыл.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Трактор бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**Ханзада бақа<br>**мақсаты**<br>Балаларға ағайынды Гриммнің «Бақа ханзада» ертегісіндегі бақаны қағаздан құрастыруды үйрету; ертегі желісін еске түсіру арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; бақа туралы білімдерін толықтырып, бақаның дыбыстауын естумен қатар өздеріне де солай дыбыстауды үйрету; қағаз бен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; өздерінің | ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан суретті көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, күзгі табиғаттың суреті; табиғи жеміс-жидек салынған себет, әңгіме мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; жеміс-жидек бейнеленген таңбалауыштар.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Жеміс-жидек бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Ескі көлік дыбысының аудиожазбасы.<br>Суреттер сериясы:<br>1) ескі үлгіде көліктің суреті, үш дөңгелегі әртүрлі геометриялық пішіндерден құралған;<br>2) көліктің дөңгелектері домалақ пішінді.<br>Ғажайыптар көлігінің «сиқырлы дөңгелектердің нақпішіндері».<br>Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.<br>Көрнекіліктерге панно.<br>Екі жолақты математикалық панно. | көрсету, слайдтар бойынша сөздік жаттығу, ассоциациялар сөздік жаттығуы, жұмбақтар ойын тернингі, лимерик техникасы бойынша жұмбақ жасыру жаттығуы, пантомима жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Дана қуыршақ.<br>Көрнекіліктерге тақталар (интербелсенді), көрсеткіш.<br>Зообақта тұрған жануарлар туралы сурет.<br>Ыдыс-аяқ, ойыншық, киім, жеміс, көкөніс, жабайы аң және көліктер сияқты топтамалардың көрнекілік суреттері.<br>Қимыл-қозғалысты білдіретін сөздер бойынша сызбалы суреттер тізбегі: шығады, отырады, ұшады, жатады, ұйықтайды, секіреді, салады, бояйды, көреді, тыңдайды, жейді, салады, қашады, еңбектейді, іледі, кеседі, пісіреді, жинайды, тереді, жүзеді.<br>Орташа ырғақты әуенжазба. | қарындашпен салынған қоянның бейнесі жатыр, қағаздың екінші жағы бос. Дөңгелектер мен сопақшалар арқылы құрылған қоянның сызбалы суреттері:<br>- қоян жатыр;<br>- қоян екі артқы аяқтарына көтіріліп тұр;<br>- қоян жүгіріп келеді.<br>Сурет салу үлгілері:<br>- қоянның сұлбасы;<br>- қоянның боялған бейнесі;<br>- қоянның қасында алма;<br>- қоянның қасында сәбіз;<br>- қоянның қасында жапырақ.<br>Ырғақты әуенжазбасы.<br>Балалардың көрсеткен қалыптарының суреттері:<br>- бала тік тұр, қолдары жоғары созылған;<br>- бала қолдарын үстелдің үстіне бүгіп қойған;<br>- бала қолдарын алға созып тұр.<br>Бірнеше ертегінің сюжеттерінен алынған кейіпкерлердің тізбегі: қоян, кірпі, аю, түлкі, қасқыр, қарға, торғай, тиін. «Алма» ертегісінің кейіпкерлері: қоян, кірпі, аю, қарға.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Балалардың санына сай келетін әртүрлі қоянның | жұмыстарын бағалап, өзгенің жұмысына баға беруге үйрету; сөздік қорларын молайту.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «бақа ханзада», «бақа», «цилиндр», «оң жақ», «сол жақ», «бұрдым», сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, көрме ұйымдастыру, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Бақаның суреті, «Бақа ханзада» ертегісінің желісі бойынша суреттер, «Бақа ханзаданың» дайын үлгісі, жасыл түсті шаршы, бақаның басы мен аяқтары, қолдарының қиылған үлгілері, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, тәждің қиылған үлгісі, қара және қызыл түсті фломастерлер.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Бала санына байланысты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың жинақтар ы.<br>Геометриялық пішіндердің көрнекілік нақпішіндері (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы):<br>1) түрлі түсті;<br>2) көк түсті.<br>Сызбалы суреттер.<br>1. Шаршы мен үшбұрыштан құралған үйдің сызбасы.<br>2. Үш үшбұрыштан құралған шыршаның сызбасы.<br>3. Дөңгелектер мен үшбұрыштардан құралған гүлдің сызбасы.<br>4. Дөңгелек пен үшбұрыштардан құралған күннің сызбасы.<br>5. Дөңгелектерден құралған құламайтын қуыршақтың сызбасы.<br>6. Шаршы, үшбұрыш, дөңгелектерден жүк көлігінің сызбасы.<br>7. Дөңгелектер мен | Мнемокарточкалар: мысық, жаңбыр, аю, қоян, торғай.<br>Лимерик техникасы бойынша тақпақты (жұмбақты) шығару кестесінің үлгісі.<br>1. Сұрақ белгісі. Бұл кім болады? Бұл не болады?<br>2. Кемпірқосақ. Алақандардың өзара белгілі қашықтықта болуы. Өңтаңба (смайлик) белгісі. Ол қандай?<br>3. Жүгірген адамның сызбалы белгісі. Жатқан күшіктің сызбалы белгісі. Бұлттан жаңбырдың жауғанының сызбалы белгісі: «Ол не істеген?»<br>4. Екі қарсы сызылған көрсеткілердің сызбасы. Ол немен, кіммен, қалай араласқан?<br>5. Сұқ саусақтың жоғары көрсетілуі. Бұдан қандай ақыл аламыз?<br>Жабайы аңдардың суреттері.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Ыдыс-аяқ, ойыншық, киім, жеміс, көкөніс, жабайы аң және көліктерге қатысты үлестірмелі жеке сурет-карточкалар.<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары | дене құрылысын құрайтын дөңгелектер мен сопақшалар. Түрлі-түсті қарындаштар немесе борлар.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | жасыл түсті шаршы, бақаның басы мен аяқтары, қолдарының қиылған үлгілері, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, тәждің қиылған үлгісі, қара және қызыл түсті фломастерлер, жұлдызшалар.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшбұрыштардан құралған құстың сызбасы.<br>8. Шаршылар мен үшбұрыштардан құралған роботтың сызбасы.<br>9. Үшбұрыштар мен дөңгелектен құралған қыздың бейнесінің сызбасы.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға көлденең жолақты карточка, соңғы оң жақтағы шақпақтар жіңішке жолақпен қоршалған .<br>Ыдыстарда геометриялық пішіндердің кескіндері: үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш. Олардың түстері көк.<br>Ыдыстарда бөлек-бөлек жатқан 1, 2, 3, 4, 5 сандары.<br>Әр балаға түрлі түсті үшбұрыш, дөңгелек, шаршы сияқты геометриялық пішіндердің үлгілері. | бойынша | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **№57**<br>**Алғашқы түскен қарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге.<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар.)<br>**Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Аланда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. | **№58**<br>**Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>**Экологиялық міндет:** өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту.<br>**Көркемсөз.**<br>М. Әлімбаев «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегін үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем.<br>**Табиғат құбылыстарын болжау.**<br>Ыстық жел соқса, жаңбыр жауады.<br>Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады.<br>Тәжірибе: топырақ | **№59**<br>**Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету.<br>**Экологиялық міндет:** жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру. Балалардың айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін | **№60**<br>**Бұлттарды бақылау. (жаңбыр қалай пайда болады).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрену.<br>**Экологиялық міндет:** таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Сұрақтар:<br>- Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады?<br>Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейтінімізді айтыңыз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - | **№61**<br>**Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аспаннан бұршақ жауыы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>**Экологиялық міндет:** судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** «Бөлме өсімдіктерін күту».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу:<br>**Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын.<br>Мақсат-міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру. | салынған бар-екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>Қорытынды: топырақты қопсыту керек.<br>**Экологиялық ойын. "Өсіру".**<br>Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу.<br>**"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Еңбек:** гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.<br>**"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.** | мақтау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл-гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Жұмбақ**<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды.<br>(Бұлт.)<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(**Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттері. | бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады.<br>**Көркемсөз (сөйлеуді дамыту)**<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** алаңды тазарту ұжымдық | Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр".** Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту. | еңбегі. Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. **Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | «Ерекше тауық» ертегісін тыңдайды.<br>BilimKids платформасындағы ертегісін тыңдату.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>**(музыка)** |
| **Біртіндеп** | Балаларды ақырын сипап ояту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Шашты тарау дененің сауығуына ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>**Көркемсөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денеңе көп жина күш. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Қолғап» ертегісі | **Желі рөлді ойын**<br>**«Сұлулық салоны»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«тоқ көзімен ойнама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мухтархан Айшаға сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтуды үйрету. | Лесбек Әбдіғаниға кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтауды үйрету. | Нурханулы Қуандыққа бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстыруды үйрету. | Қанат Мариямға айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруді үйрету. | Роберт Эльвираға<br><br>еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №57 | №58 | №59 | №60 | №61 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br>Театрды сахналау. «Ақымақ қасқыр» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жабайы аңдар түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Арт-терапия өткізу. **(сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | «Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру. | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | "Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны". |

Тексерген ________________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.**<br>Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Алманы тапқан қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; | **Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. | **"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы: | **"Қажетті киімді алыңыз".**<br>Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. | **"Зымыранды жинайық".**<br>Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру.<br>(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)<br><br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</td><td>Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</td><td>Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</td><td>Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</td><td>Жабайы табиғат туралы пысықтау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>1.Қазақ тілі<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>2.Денешынықтыру<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>3.Математика негіздері<br>Сыңарлы және сыңарсыз киімдер<br>МАҚСАТЫ<br>Балалардың заттард ы ұзындығы мен ені бойынша салыстыру қабілеттерін дамыту.</td><td>1.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Ойыншықтар фабрикасы ертегісін» мәнерлеп оқу.сөйлеудің дыбыстық мәдениеті «ф», «п», «б» дыбыстары.<br>Мақсаты:<br>Балаларды ойыншықтар фабрикасы туралы ертегінің мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғым қалыптастыру;</td><td>1.Сурет салу<br>Тақырыбы: Ғажайып әлемнің шамдары.<br>Мақсаты:<br>Балаларға акварельге малынған қылқаламның ұшымен дымқыл қағаздың бетіне шамдар тәріздес дақтарды мен олардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету; «палитра» ұғымын қалыптастыру; қағаздың бүкіл бетін пайдалану білігін жетілдіру;</td><td>1.Қошаған ортамен таныстыру<br>Тақырыбы: Мыршай<br>Мақсаты:<br>Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту; түлкінің дене мүшелерін атау дағдыларын жетілдіру; жабайы табиғат туралы ұғым беру.<br>Міндеттері<br>Суретті бояған кезде қарындашты дұрыс ұстауды</td><td>1.Музыка<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>2.Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: Көлік жүргізуші<br>Мақсаты:<br>Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыру, көлік түрлеріне байланысты көркемсөздің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сипаттай білуді үйрету;</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **МІНДЕТТЕР**<br>Балалардың ұғымында заттар шамасына қарай әртүрлі болатыны туралы түсініктерін бекіту; әртүрлі затты, бір-бірінің тұсына тізіп, бірінің үстіне бірін салып, затты өсу және кему ретімен орналастырып салыстыруға дағдыландыру; салыстыру нәтижелерін «ұзын», «қысқа», «кең», «тар» сын есімдерімен атауды үйрету; киімдердің түрлері, қыста киіну тәртібін пысықтау. Зейін, еске сақтау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілетін дамыту.<br>Балаларды өзі-өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру; денсаулық сақтау қағидаларын қалыптастыру, ұғымталдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуды орындау барысында: «шұлық», «қолғап», «сыңарлы киім», | ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру; дауыссыз [ф], [п], [б] дыбыстарының естілу ерекшеліктерімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтарды толықтыру; ойыншықтармен ұқыпты ойнау әдебі туралы түсіндіру. Балаларға ертегінің мазмұнын еске сақтау, мнемокарточкаларды дұрыс таңдап, сұрақтарға мәтінге жақын сөздерді пайдаланып жауап қайтаруды үйрету; ертегі желісіндегі оқиғаларға қарапайым түйіндеме жасай білу білігін арттыру; дауыссыз [ф], [п], [б] дыбыстарының артикуляциясын жеке сөздер мен буындар құрамында дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру; есту зейінін, еске сақтау, елестету, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту, топтастармен қарым-қатынастарын нығайту. Балаларды дауыссыз | ғажайыптар әлемін елестетудегі ойларын айтуға, қағаз бетіне түсіруге талпындырту; ой-қиял, түйсіну қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «друдл суреті», «палитра», «дымқыл қағаз» сөздері мен тіркестерін, өздеріне таныс түстердің атауларын айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны көрсету, қиялдар сәті, друдлды шешу жаттығуы, түстерді зерттеу, өздігінен тәжірибе-зерттеу жаттығуы, сурет салу амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, қабылдауға жаттығу, оқу қызметін пысықтау, мақтау, ойын рефлексиясы.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекілік материалдар**<br>Қиял-ғажайып әлемін білдіретін әуенжазбасы. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Друдл суреттерінен құралған | үйрету, шығармашылыққа баулу.<br>Балалардың сөздік қорын түлкінің ерекшеліктерін білдіретін сөздер арқылы молайту және тілін жетілдіру; түлкінің дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, түлкінің күшігін мыршай деп атауды үйрету, мыршайды басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.<br>Балалардың түлкінің тіршілігіне қызығушылықтарын ояту; достарының жауаптарын тыңдай білуге және жабайы табиғат өкілдеріне қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Белсенді сөздік қорға: жабайы табиғат әлемі, түлкі, мыршай, тіршілік етуі, жыртқыштар, тон, апан, ін сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан түлкінің ормандағы тіршілігінен бейнебаян көрсету, пысықтау, аудиожазба, бейнебаян, дидактикалық ойын.<br>**Құрал-жабдықтар.** | жүргізуші қызметінің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру; көлік туралы түсінік беру.<br>Көлік түрлеріне байланысты көркемсөз арқылы балалардың тілі мен еске сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту. Балалардың көлік түрлері мен жүргізуші қызметіне қызығушылықтарын ояту; өзара жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>«Көлік жүргізуші», «ұшқыш», «машинист», «капитан», «әуеде ұшатын көлік түрлері», «жерде жүретін көліктер», «суда жүзетін көліктер» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан тақырыпқа байланысты мультик пен суреттер көрсету, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, жүргізушінің қызметі туралы әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «сыңарсыз киім», «ең кең», «тарлау», «кеңдеу», «ең тар», «ең ұзын», «қысқалау», «ұзындау», «ең қысқа», «тұсына қойдым», «бір-біріне беттестірдім» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркемсөз, суретті көрсету, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Қыстың келгенін білдіретін әуенжазба.<br>Көрнекіліктерге екі панно.<br>Көрсеткіш.<br>Қолғап пен шұлықтың бір сыңарларын ұстаған Алан мен Дана. | дыбыстар әлеміне деген зеректікке, әдептілікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу, ертегі жанрына қызығушылықтарын арттыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың сөздік қорына: ойыншықтар фабрикасы, робот сияқты сөздерді енгізу. Фариза, Фатима және [п], [б] дыбыстарынан басталатын есімдерді айтқызу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, кіріспе әңгімелесу, көркемсөз, бейнероликті көрсету, ертегіні мәнерлеп оқу, сергіту сәті, мнемокарточкалар тізбегімен ертегі мазмұны бойынша әңгімелесу, фонетикалық ритмика, артикуляциялық жаттығу, жаттамақ жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар.**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Әуенжазбалар, интербелсенді тақта,«Ойыншықтар фабрикасы» туралы | жұлдызшалар тәрізді бейнелер. Ғажайып шамдар салынған көрнекілік суреті. Акварельді бояу, төсеніш, ыдыста су, қылқаламдар (№3, 5), сүлгі, тіреушелер, акварельге арналған қағаз беті. Палитрамен жұмыс жасау үлгілері:<br>- қағаз бетін дымқылдау;<br>- дақтарды бояумен қою.<br>Сурет салу амалдарының көріністері:<br>- дымқыл қағаз бетінде дақтарды және сәулелерді салу;<br>- дымқыл қағаз бетінде түрлі-түсті сәулелі шамдар.<br>Ырғағы баяу, салмақты әуенжазбасы.<br>Қызыл, сары, жасыл, көк, қызыл сары түстердің жылы және суық реңктеріне боялған карточкалар. Түстердің суық және жылы реңктерінің жұптары. Ырғақты, көңілді әуенжазбасы.<br>**2. Үлестірмелі материалдар**<br>Балалардың санына сай акварельді бояулар, төсеніштер, ыдыстарға құйылған су, қылқаламдар (№3, 5), сүлгілер, тіреушелер, акварельге арналған | **1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, түлкі туралы бейнебаян, тордағы тірі мыршай, түлкінің суреті, нақпішіндер салынған қап, аң мен құстың құйрықтары салынған<br>суреттер картотекасы, сары жапырақтары жерге төгіліп жатқан күзгі орманның суреті; түлкінің ормандағы тіршілігінен слайдтар немесе мазмұнды суреттер; түлкі бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Түлкі бейнеленген таңбалауыштар.<br>**1.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Жаңа жылдық сыйлық**<br>**мақсаты**<br>Балаларға «Лего» ойынының бөлшектерінен жаңа жылдық шыршаны құрастыруды үйрету; қыс мезгілінің белгілерін атау; қыста асыға күтетін жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін толықтыра отырып, Аяз атаға сыйлық жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; | ойын.<br>**Құрал-жабдықтар.**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, тырна, балпанай (пингвин), маймылдар, сарышұнақ ойыншықтары, көлік түрлері суреттері; «Жүргізуші» мультигі, көлік түрлеріне байланысты картотекалар, жүргізушінің қызметіне байланысты<br>слайд немесе мазмұнды суреттер; көлік түрлері бейнеленген таңбалауыштар.<br>2**. Үлестірмелі материалдар.**<br>Көлік түрлері бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аузына<br>бөкебай тістеп алған Ақтөстің суреті.<br>Алан мен Дананың киімдері шашылып жатқан бөлменің суреті.<br>Қуанышқа бөленген Алан мен Дана.<br>Ақтөстің ұзын орындықта отырғаны туралы сурет.<br>Алан мен Дананың суреті. Өзіне дәл қолғаптарды киіп алған Ақтөс туралы сурет.<br>Аланның ең кең, Дананың тарлау, Ақтөс күшіктің ені ең тар<br>қолғап сыңарларының үлгілері.<br>Аланның ең ұзын, Дананың қысқалау, Ақтөстің ең<br>қысқа, ұзындығы әртүрлі<br>шұлық сыңарларының үлгілері.<br>Суретті сызбалар.<br>1. Сол жақтан оң жаққа қарай бір қатарға тізілген ең кең, тарлау және ең тар, ені әртүрлі сыңарлы қолғаптардың үлгілері.<br>2. Бірінің үстіне бірі | бейнежазба, ертегі бойынша әңгімелесуге арналған вариативті мнемокарточкалар, [ф], [б], [п] дауыссыз дыбыстар артикуляциясының сызбалы суреттер<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | қағаз беттері.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | сөйлеу тілін «қыс мезгілі», «жаңа жыл», «Аяз ата», «лего», «кірпіш», «жұлдыз» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, суретті көрсету, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, кинезитерапия, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекілік материалдар**<br>Қыс, қыс мезгіліне тән белгілер, жаңа жыл мерекесінің суреттері, «Шыршаның» дайын үлгісі, лего құрылыс материалдары жинағы.<br>**2.Үлестірмелі материалдар**<br>Бала санына сәйкес «Лего» құрылыс материалдары жинағы.<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беттестіріліп жатқан ені әртүрлі қолғап сыңарларының үлгілері.<br>3. Бір-бірінің тұсында жатқан ең қысқа, ұзындау, ең ұзын, ұзындығы әркелкі шұлық сыңарларының үлгілері.<br>4. Бірінің үстіне бірі беттестіріліп жатқан, ұзындығы әркелкі шұлық сыңарларының үлгілері.<br>Орташа ырғақты әуенжазба.<br>Киім үлгілерінің толықтай тұтас суреті және бөліктерге бөлінген суреттерінің жұптары.<br>Сыңарлы және сыңарсыз киімдердің жеке-жеке салынған суретті карточкалары.<br>Мысалы, күртешенің екі жеңінің жеке салынған суреті, екі шұлықтың әр сыңарының жеке салынған суреті.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға ені үш түрлі қолғап сыңарларының үлестірмелі үлгілері. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұзындығы үш түрлі шұлық сыңарларының үлестірмелі үлгілері. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **№62**<br>**Желдің соғуын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады. (Жел.)<br>**Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру.<br>**Қорытынды.** Желге қарсы жүгіру қиын.<br>**"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. | **№63**<br>**Жапырақтың түсуін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету.<br>Бақылау барысы: күз мезгілінің келгендігі, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түскенін байқауға болатынын айту. Жапырақтар бүкіл жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екендігін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.<br>- Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме?<br>- Жапырақтар жел соққанда жерге ағаштан | **№64**<br>**Шалшық суды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру.<br>**Көркемсөз.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>**Тәжірибе.** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру».** | **№65**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>**Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).**<br>Ойын ережесін | **№66**<br>**Ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**Қимылды ойын. "Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойынның шарты бойынша әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға түрлі таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ не ән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін, таңбалауыштарды қайта тарату керек.<br>**Қимылды ойын. «Желбезекпен жүгіру».**<br>Желбезекті қолға алып жарысу. Кім мәрегебірінші болып жетеді, сол бала жеңімпаз болады.<br>**Еңбек:** тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау.<br>**Өз бетімен ойындар:** «Желбезекпен ойын». Қолайлы жағдай жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | үзіліп, ауада қалықтап барып, жерге баяу түседі.<br>- Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі. Қоңыр күз, қоңыр күз. Жапырақтары желге ұшады және баяу ұшады, өйткені олар жеңіл.<br>- Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме?<br>- Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды?<br>- Күз келгенде олар қалай өзгерді? Қайың жапырақтарының түсі қандай? (Алтын сары.)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау. | Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Айна»**<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар.** Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа).<br>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау. | сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Санамақ арқылы жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Балалардға ересектерге көмектесуді үйрету. Еңбектенуге | **Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Өз бетімен ойындар.** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктерін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | | құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Доппен ойын.<br>Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін ояту білу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен, | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | «Ерекше тауық» ертегісін тыңдайды.<br>BilimKids платформасындағы ертегісін тыңдату.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>**(музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ақырын сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>**Көркемсөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денене көп жина күш. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Қаршақыз» ертегісі | **Желі рөлді ойын «Құрлысшы»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Есікпен ойнама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жұмагелді Ерасыл сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, | Тұрсын Алдияр екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша | Серік Шахнур қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды: | Сапарбек Ернар жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды: | Роберт Эльвира отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі, еңбек етуге қызығушылық танытады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады: | салыстырады: | | | тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №62 | №63 | №64 | №65 | №66 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br>Театрды сахналау. «Ақымақ қасқыр» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жабайы аңдар түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Арт-терапия өткізу. **(сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | «Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында | "Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дұрыс көзқарасты қалыптастыру. | әңгімелесу. | |

Тексерген ______________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 - 01.12.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | "Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Дидактикалық ойын "Ненің ізі?»** Мақсат-міндеттері. Байқампаздыққа, | **Үстел үсті ойыны.** "Логикалық ойын". Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. | **Дидактикалық ойын.** "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. | **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың | **«Заттарды салыстыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқыптылыққа үйрету. | | | қызығушылығын дамыту. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.2. Қолды алға көтеру.<br>1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау.<br>1.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде.<br>2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу.<br>2.2. Оңға және солға иілу.<br>2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.<br>2.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Аяқтың ұшына көтерілу.<br>3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату.<br>3.2. Аяқтың ұшымен топылдату.<br>3.3. Бастапқы қалыпқа келу.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досындай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Қыс мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау. **(сөйлеуді дамыту)** | "Қысқы тіршілік" туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қыс келді» тақпағын жаттау**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың ұғымында «тақпақ»<br>түсінігін қалыптастыру; қыс туралы көркемсөз | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Аулаға қар жауды**<br>**мақсаты**<br>Балаларға аулаға жауған қар туралы сюжетті бор мен қылқалам арқылы салды үйрету; суреттегі ағаш пен үйдің сұлбасын | **1.Қошаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Өсімдіктерге күтім жасау**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме өсімдіктеріне адамның табиғатқа қамқорлық | **1.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Батпан құйрық**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың ұғымындағы геометриялық фигураларды (пішіндер), тіктөртбұрыш пен шаршыны танып, атай білуге үйрету.<br>Міндеттері<br>Балаларды геометриялық пішіндерді, тіктөртбұрыш пен шаршыны зерттеуге, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауға машықтандыру; екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырып, "қанша болды?" сұрағына жауап беруге талпындыру; қоршаған ортадағы заттардың құрылымында геометриялық пішіндерді байқай білу қабілетін жетілдіру.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, елестету, ойлау қабілеттерін | үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы көркемдеуіш сөздер арқылы ұғымдарды толықтыру; қыс мезгіліндегі құбылыстардың ерекшелектері туралы ұғымдар жиынтығын тиянақтау. Балаларды қыс туралы тақпақты еске сақтап, мәнерлеп жатқы айту тәртібіне үйрету; мнемосызбаны қолдану дағдыларын қалыптастыру; тақпақта кездесетін көркемдеуіш сөздерді өз жауаптарында белсенді қолдануға машықтау; тақпақ шумақтарындағы соңғы сөздердің ұқсастығы мен ұйқастарын есту қабілетін қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу біліктерін қалыптастыру; түйсікті, елестетуді, ой-өрісін, эстетикалық сезімдерді дамыту.<br>Балаларды қыс мезгілінің әдемілігін және сөздің көркемдігін байқағыштыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балалардың сөздік қорға: кекіл, шалқыма ,тоқыма, аппақ құс, тып-тыныш, суық демі сөздері мен | салып, суреттегі қарды әр жерге қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау; қар туралы білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту, әсемдікті түйсіну сезімін қалыптастыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың сөйлеу тілін: қалың қар, ұлпа қар, аппақ көрпедей сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Бейнежазбаны көрсету, көркемсөз, бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгілерді салыстыру, зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, пантомима жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, ойлау қабілетіне жаттығу, оқу қызметін пысықтау, мақтау, босаңсу рефлексиясы.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Қалаға қыстың келгені, қардың жауғаны туралы бейнебаян, | танытуының маңыздылығы туралы түсініктер қалыптастыру.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларда бөлме өсімдіктерінің тірі табиғатқа жататыны туралы білімді бекіту; бөлме өсімдіктерінің атауларын жатқа айтуды, тануды үйрету; оларды күтіп-баптау ережелерімен таныстыру (жерді қопсыту, суғару, жапырақтардың шаңын сүрту); өсімдіктерді салыстыра білу дағдыларын зерттеу, бақылау, тәжірибе жүргізу жұмыстарына қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалардың сөздік қорын өсімдіктердің түрлері мен ерекшеліктері арқылы молайту; өсімдіктердің түрлерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, зейінін, ой-өрісін, қиялы мен қызығушылығын дамыту.<br>Құрдастарының жауаптарын тыңдай алуға және өсімдіктерді аялауға, әсемдікті сүюге тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Белсенді сөздік қорға: өсімдіктердің күтімі, алоэ, фикус, қазтамақ (герань), шегіргүл (фиалка), сабақ, жапырақ, тамыр, гүл сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР** | мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдап отырып, қайталап айтуды үйрету; ертегідегі аңдардың көңіл күйлері мен қимыл-қозғалыстарын эмоциямен қабылдай білуге қызықтыру; жабайы табиғат әлемі туралы түсінік беру.<br>Ертегі желісі арқылы балалардың шығармашылығын, еске сақтау қабілеті мен тілін, зейіні мен дүниетанымын дамыту. Балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; бірін-бірі сыйлауға, жабайы табиғат әлемін құрметтеуге, белсенді болуға тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>«Жабайы табиғат әлемі», «батпан құйрық», «төңкеріліп жатқан қойдың тегенедей құйрығы», «қасқырдың екі көзі сексеуілдің шоғындай жайнап ...», «құйрығын бұлғаңдатып, шоқиып ...», «ашқарақ қасқыр», «қомағай көкжал» сөздерін пайдалану.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>Балалардың қолөнер үлгілерінің қасиеттеріне байқағышықтарын дамыту, үлкенді құрметтеуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балалардың сөздік қорын: шаршы, тіктөртбұрыш, екі қабырғасы ұзын, құрақ көрпе, саны бірдей, екі болды, тіктөртбұрыш пен шаршыны бір-бірінің тұсына саламын (беттестіремін) сөздері арқылы жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, затты көрсету, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Ғажайыптар әлемін білдіретін әуенжазба. | сөз тіркестерін қосу.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, сөздік жаттығу, бейнероликті көрсету, әңгімелесу, тірек суреттер арқылы жаңа сөздермен танысу жаттығуы, көркемсөзді мәнерлеп оқу, тақпақ мазмұны бойынша сұрақтар, балалардың мнемокесте бойынша тақпақты жатқа мәнерлеп оқуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Құлаққа жағымды, бая ырғақты әуенжазба.<br>Көрнекіліктерге тақталар (интербелсенді), көрсеткіш.<br>Қыс мезгілі туралы бейнеролик.<br>Қыс туралы тақпақ бойынша сөздік жұмысына сызбалы суреттер:<br>- шаш кекілі;<br>- шалқыма биі;<br>- оюлы тоқыма.<br>Вальс ырғағындағы әуенжазба.<br>Қыс туралы тақпақ мазмұнының мнемокестесі.<br>**2.Денешынықтыру** | интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш, қардың аулаға жауып жатқаны туралы сурет үлгісінің бірнеше нұсқасы, түрлі түсті борлар, ақ гуашь бояуы, қылқалам, ыдысқа құйылған су, төсеніш, тіреуше, сүлгі, бейнелердің қағаз бетіне қолайсыз орналасқаны туралы сурет нұсқалары, темпі баяу, салмақты әуенжазбасы, табиғатта жоқ құбылыстардың бірнеше көрінісі.<br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Балалардың санына сай түрлі-түсті борлар, ақ гуашь бояулары, қылқаламдар, ыдыстарға құйылған су, төсеніштер, тіреушелер, сүлгілер.<br>Көгілдір фонға боялған қағаз беттері. Ақ қағаз беттері.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | Әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, тәжірибелік жаттығу, интербелсенді тақтадан бөлме өсімдіктерін көрсету, пысықтау, аудиожазба, дидактикалық ойын.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, бөлме өсімдіктері (табиғи), слайдтар немесе мазмұнды суреттер; жапырақтарды сүртуге арналған жұмсақ, кішкентай сүлгі, суқұйғыш, тырнауыш және топырақты қопсытуға арналған таяқшалар, тіс щеткалары.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Өсімдіктер бейнеленген таңбалауыштар.<br>**1.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Жаңа жылдық сыйлық**<br>**мақсаты**<br>Балаларға «Лего» ойынының бөлшектерінен жаңа жылдық шыршаны құрастыруды үйрету; қыс мезгілінің белгілерін атау; қыста асыға күтетін жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін толықтыра отырып, Аяз атаға сыйлық жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.<br>**Сөздік жұмыс** | баяндау, интербелсенді тақтадан қасқыр мен түлкінің суретін, ертегі желісін көрсету, ертегіні мәнерлеп оқу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, «Кейіпкер сөздерін жалғастыр» логикалық жаттығуы, ертегі бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Батпан құйрықтың суретін тап» дидактикалық ойыны.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, даланың суреті; қасқыр мен түлкінің жұмсақ ойыншықтары, ертегі мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; қасқыр мен түлкінің маскасы, түлкі бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Түлкі бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ішіне геометриялық пішіндердің үлгілері және құрақ көрпе жасырылған «ғажайып сандық».<br>Құрақ көрпе немесе суреті.<br>Құрақ көрпе сурет-сызбаларының сериясы.<br>1. Төрт үшбұрыш пішіндерден құралған түрлі түсті құрақ көрпе.<br>2. Біртұтас шаршы пішінді құрақ көрпе.<br>3. Төрт шаршы пішінді түрлі түсті құрақ көрпе.<br>4. Көлденең жатқан екі тіктөртбұрышты пішіндерден құралған түрлі түсті құрақ көрпе.<br>5. Тігінен жатқан екі тіктөртбұрышты пішіндерден құралған түрлі түсті құрақ көрпе.<br>Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.<br>Геометриялық пішіндердің үлгілері: тіктөртбұрыш және шаршы.<br>Көрнекіліктер үшін панно.<br>Көрсеткіш.<br>Көлденең жолақты математикалық панно.<br>Құрақ көрпенің сурет- | Педгогтің жоспары бойынша | | Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «қыс мезгілі», «жаңа жыл», «Аяз ата», «лего», «кірпіш», «жұлдыз» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, суретті көрсету, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, кинезитерапия, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекілік материалдар**<br>Қыс, қыс мезгіліне тән белгілер, жаңа жыл мерекесінің суреттері, «Шыршаның» дайын үлгісі, лего құрылыс материалдары жинағы.<br>**2.Үлестірмелі материалдар**<br>Бала санына сәйкес «Лего» құрылыс материалдары жинағы.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызбаларынан жолақта санауға қажет геометриялық пішіндердің көрнекілік кескіндері: жиыны төрт үшбұрыш, төрт шаршы, екі тіктөртбұрыш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға көлденең жолақты карточка, соңғы оң жақтағы шақпақтар жіңішке жолақпен қоршалған. Ыдыстарда геометриялық пішіндердің кескіндері: үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар. Бірнеше ыдысқа жеке-жеке салынған 1, 2, 3, 4, 5 сандары. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **№67**<br>**Қарға мен сауысқанды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен | **№68**<br>**Қардың түсуін бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. | **№69**<br>**Шыршаларды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны | **№70**<br>**Қар мен мұзды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. | **№71**<br>**Қайың мен шетенді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, оның өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары | **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу.<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Аққала ойыны".<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. | басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ұсақ қоқыстарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын".**<br>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br>**Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық".**<br>Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет".**<br>Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары. | **Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.<br>**Еңбек:** аланда өсетін өсімдіктерге күтім жасау.<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай".**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу.<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді, батылдықты дамыту, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу. | ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту.<br>**Еңбек:** (қоқыстарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шарты бойынша ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досындай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".<br>Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ат пен есек» ертегісін оқып беру.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ақырын сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>**Көркемсөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>**(дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досыңдай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Күлшеқыз» ертегісі | ***Желі рөлді ойын «Құрлысшы»*** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Оттықпен ойнама» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Роберт Эльвираға сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады: | Ғани Алиасқарға затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады: | Ғалым Ақмедиярға қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды: | Бекболат Санжарға жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды: | Ақжол Ақарысқа отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі, еңбек етуге қызығушылық танытады, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №67 | №68 | №69 | №70 | №71 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досындай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Театрды сахналау. "Қолғап" ертегісін қолғаппен сахналау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындықты бастау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында ұлпақарларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>**Дамытушылық ойын.**<br>"Бұзылған телефон".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, көру, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Балалар тізбек бойынша отырады.<br>Жүргізушіні санамақ айту арқылы таңдап алуға болады.<br>Алдымен, педагог балаларға ойын тәртібінің үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын тәртібін нақты орындап, бұзуға болмайтынын түсіндіреді.<br>Жүргізуші бірінші өзі ойлаған заттың атауын қасында отырған баланың құлағына сыбырлап айтады. Бала естіген сөзін келесі отырған балаға сыбырлап айтады, ойын осылай жалғасады. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауыстап хабарлайды.<br>Егер бала айтқан сөз, бастаушы ойлап тапқан сөз болып шықса, телефонның ақаусыз жөнделгенін білдіреді.<br>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай шықса, балалар зерттеу жүргізіп, бастапқы сөздің қандай сөзге бұрмаланғынын анықтайды.<br>Әр ойын айналымынан кейін, бірінші отырған бала тізбек соңына барып отырады, сол себепті әр жолы, бірінші отырған бала жаңарып отырады. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | «Жаңа жылдық шырша» көрмесі. | Кеңес беру. «4-5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы». | «Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру. | «Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасында оқитын тақпақтарын беру, ата-аналармен мерекені өткізу туралы әңгімелесу. | "Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме. |

Тексерген ________________________